



БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА



АКАДЕМИЯ НАУК
КАЗАХСКОЙ ССР

Акай
Нусупбекович
НУСУПБЕКОВ



Александр Бекон



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

АҚАЙ
НҮСІПБЕКҰЛЫ
НҮСІПБЕКОВ

АЛМАТЫ

Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы

1989

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

АКАЙ
НУСУПБЕКОВИЧ
НУСУПБЕКОВ

АЛМА-АТА

«Наука» Казахской ССР

1989

Б а с р е д а к т о р

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі

Ж. М. Әбділдин

Жауапты редактор

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі

М. Х. Асылбеков

Құрастырушылар:

*Н. Е. Едігенов, М. Қ. Бекхожин, М. Д. Бүтімбаева,
Т. С. Құлтаев*



Главный редактор

академик Академии наук Казахской ССР

Ж. М. Абдильдин

Ответственный редактор

член-корреспондент Академии наук Казахской ССР

М. Х. Асылбеков

Составители:

*Н. Е. Едыгенов, М. К. Бекхожин, М. Д. Бутумбаева,
Т. С. Култаев*

ISBN 5—628—00668—8

©Издательство
«Наука»
Казахской ССР,
1989

О Қ Ы Р М А Н Д А Р Ғ А

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбековке арналған. Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен ғылыми, қоғамдық және педагогтік қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген. Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан: әр жылдың көлемінде алфавит ретімен — алдымен қазақша, одан кейін орыс тілінде жарияланған еңбектері беріліп отыр. Еңбектердің алфавиттік және бірлесіп жазған авторлардың есімдер көрсеткішінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі жұмыстардың рет санында берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель—продолжение серии библиографий ученых Казахстана — посвящен академику Академии наук Казахской ССР, доктору исторических наук, профессору Акаю Нусупбековичу Нусупбекову. Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем. Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском языке. В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ А. Н. НҮСІПБЕКОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбеков 1909 жылы 9 декабрь күні Алматы облысы Кеген ауданының Жалаңаш селосында көшпенді кедей шаруаның семьясында туды.

1918—1924 жж. Малыбай, Шелек, Жалаңаш селоларында жалданып, байлар мен кулактардың малын бақты.

1925—1926 жж. Жаркент қаласында (қазір Талдықорған облысының Панфилов қаласы) Н. К. Крупская атындағы коммуна мектебінде оқушы.

1926—1932 жж. Алматы ауылшаруашылық техникумының (Талғар селосы) оқушысы.

1932—1933 жж. Алматы ауылшаруашылық техникумының (Талғар селосы) мұғалімі, директоры.

1933—1934 жж. ВКП(б) Алматы облыстық комитеті бірінші секретарының көмекшісі, ерекше (особый) сектордың меңгерушісі.

1934—1937 жж. Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетінің студенті (Москва қаласы).

1937—1939 жж. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі (Алматы қаласы).

1939—1941 жж. Қолхоз басшы қызметкерлерін дайындайтын облысаралық мектеп және ауылшаруашылық орта білім беретін мектеп директоры (Семей қаласы).

1941 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды.

1941—1942 жж. Эвакогоспитальда саяси жетекші, партия ұйымының секретары (Семей қаласы).

1942 ж. Қырғыз ССР-інің Ош қаласындағы Орта Азия Әскери Округі командирлерінің саяси құрамын қайта даярлайтын үш айлық курстарының курсанты.

1942—1946 жж. Ленин, II дәрежелі Суворов орденді, Қызылтулы генерал-майор И. В. Панфилов атындағы 8-ші гвардия атқыштар дивизиясында миномет батареясының комисса-

ры, дивизияның саяси бөлімінің үгітшісі (Калинин және 2-ші Прибалтика майдандары).

1943 ж. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталды.

1944 ж. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталды.

1945 ж. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталды.

1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен наградталды.

Генерал-майор И. В. Панфилов атындағы 8-ші гвардия атқыштар дивизиясының Қазақстанға жіберілген делегациясының басшысы.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградталды.

1946 ж. Запастағы гвардия майор атағымен Совет Армия қатарынан қайтарылды.

1946—1947 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих археология және этнография институтында кіші ғылыми, аға ғылыми қызметкері, этнография бөлімінің, қолөнер және халықтық тұрмыс секторының меңгерушісі.

1947 ж. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірді.

1947—1953 жж. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі (1941—1945 жж.). Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі.

1948 ж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәреже сін алу үшін «Біртұтас Қазақ Совет мемлекетіне қазақ жерлерінің қайта бірігуі» деген тақырыпта диссертация қорғады.

1948—1956 жж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде Қазақ ССР тарихының оқытушысы (қосымша қызмет).

1952—1975 жж. Алматы қаласы Қазақстан Коммунистік партиясы Фрунзе аудандық комитетінің мүшесі.

1953 ж. Аға ғылыми қызметкер атағы берілді.

1953—1956 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Қазақстан тарихының совет дәуірі бөлімінің меңгерушісі.

1956—1982 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры.

1957—1960 жж. Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің мүшесі.

1957 ж. Еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің VI (1957 ж.) шақырылуында депутат болып сайланды.

1957—1983 жж. СССР тарихшыларының ұлттық комитетінің мүшесі (Москва қаласы).

1959 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Қазақстан Компартиясының ІХ съезіне делегат болып сайланды.

1960—1962 жж. Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитетінің мүшесі.

1960—1983 жж. 1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің Алматы секциясының мүшесі.

1960 ж. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Қазақстан тарихы жөнінде жарияланған еңбектерінің негізінде диссертация қорғады.

1960—1983 жж. СССР Ғылым академиясының СССР тарихы бөлімінің жанындағы «СССР-да социалистік және Коммунистік құрылыс тарихы» Проблемалық советінің мүшесі (Москва қаласы).

1961 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградталды.

1962 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

1963 ж. Қазақстан кәсіподақтарының VIII съезіне делегат болып сайланды.

Профессор атағы берілді.

1963—1983 жж. Көп томдық «СССР тарихының» Бас редакциялық Советінің мүшесі (Москва қаласы).

1965 ж. «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне жиырма жыл» мерекелі медалімен наградталды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

1965—1973 жж. Еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің X—XIV (1965—1973 жж.) шақырылуларында депутат болып сайланды.

1967 ж. «Советтік Қазақстанның жұмысшы табының қалыптасуы және дамуы (1917—1940 жж.), (Алматы, «Ғылым», 1966) атты монографиясы үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

«СССР Қарулы Күштеріне 50 жыл» мерекелі медалімен наградталды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академикі) болып сайланды.

1968—1976 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті, президиум мүшесі болып сайланды.

1969—1983 жж. Совет-венгер достығы қоғамының Қазақ бөлімшесінің председателі.

Қазақстанның шет елдермен достық және мәдени байланыстары Қоғамы президиумының мүшесі.

1969 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

1970 ж. «Ерлік еңбегі үшін. Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен наградталды.

1970—1975 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығын беру жөніндегі эксперт комиссиясының председателі.

1971 ж. «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

1971—1978 жж. «Қазақ Совет Энциклопедиясы» (Қазақша, 12 томдық) Бас редакциясының мүшесі.

1971 ж. Қазақстан Коммунистік партиясының XIII съезіне делегат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды.

Қазақстан кәсіподақтарының X съезінің делегаты, Кәсіподақтары Қазақ республикалық Советінің мүшесі болып сайланды.

1972—1980 жж. Ғылым және техника жөніндегі Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлық беру Комитетінің мүшесі.

1972—1983 жж. «Білім» қоғамы Қазақ республикалық Басқармасының мүшесі.

1972—1976 жж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы» журналы редколлегиясының мүшесі.

1974—1983 жж. Қазақ ССР Кітап құмарлар ерікті қоғамы басқармасының бастығы.

Бүкілодақтық Кітап құмарлар ерікті қоғамы басқармасының және Президиумының мүшесі.

1975 ж. «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 30 жыл» медалімен наградталды.

1976 ж. Қазақстан Компартиясының XIV съезіне делегат және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды.

Ленин орденімен наградталды.

1976—1983 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының мүшелігіне сайланды.

1979—1981 жж. «Қазақ Советтік Социалистік Республика» энциклопедиялық анықтама (қазақ және орыс тілінде) Бас редакциясының мүшесі.

1979 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

1982—1983 жж. «Алматы энциклопедиясы (қазақ және орыс тілінде) Бас редакциясының мүшесі.

1982 ж. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

1983 ж. 28 июль — А. Н. Нүсіпбеков қайтыс болды.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР А. Н. НУСУПБЕКОВА

Акай Нусупбекович Нусупбеков родился 9 декабря 1909 г. в с. Джаланаш Кегенского района Алма-Атинской области.

1918—1924 гг. Работал по найму пастухом у баев и кулаков в селах Малыбай, Чилик, Джаланаш.

1925—1926 гг. Учащийся школы-коммуны им. Н. К. Крупской в г. Джаркенте (ныне г. Панфилов Талды-Курганской обл.).

1926—1932 гг. Учащийся Алма-Атинского сельскохозяйственного техникума.

1932—1933 гг. Преподаватель, директор Алма-Атинского сельскохозяйственного техникума в с. Талгар.

1933—1934 гг. Помощник первого секретаря, заведующий особым сектором Алма-Атинского обкома КП(б) Казахстана.

1934—1937 гг. Студент Коммунистического университета трудящихся Востока (г. Москва).

1937—1939 г. Заведующий культпросветотделом ЦК КП(б) Казахстана (г. Алма-Ата).

1939—1941 гг. Директор межобластной школы руководящих колхозных работников и школы среднего сельскохозяйственного образования (г. Семипалатинск).

1941 г. Призван в ряды Красной Армии.

1941—1942 гг. Политрук, секретарь партбюро эвакогоспиталя (г. Семипалатинск).

1942 г. Курсант трехмесячных курсов по переподготовке политсостава САВО в г. Ош Киргизской ССР.

1942—1946 гг. Комиссар минометной батареи, дивизиона, агитатор политотдела 8-й гвардейской ордена Ленина, Суворова II степени Краснознаменной им. И. В. Панфилова стрелковой дивизии (Калининский и 2-й Прибалтийский фронты).

1943 г. Награжден медалью «За боевые заслуги».

1944 г. Награжден орденом Отечественной войны II степени.

1945 г. Награжден орденом Отечественной войны I степени, медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.».

Руководитель делегации 8-й гвардейской стрелковой дивизии им. И. В. Панфилова в Казахстан.

Награжден грамотой Президиума Верховного Совета Казахской ССР.

1946 г. Демобилизовался из рядов Советской Армии в звании гвардии майора запаса.

1946—1947 гг. Мл., ст. научный сотрудник, зав. отделом ремесла и народного быта сектора этнографии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1947 г. Окончил КазПИ им. Абая.

1947—1953 гг. Зав. отделом истории Казахстана периода Великой Отечественной войны (1941—1945 гг.) Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1948 г. Защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук на тему: «Воссоединение казахских земель в едином Казахском советском государстве».

1946—1956 гг. Преподаватель истории Казахской ССР исторического факультета КазГУ им. С. М. Кирова (по совместительству).

1952—1975 гг. Член Фрунзенского РК КП Казахстана г. Алма-Аты.

1953 г. Присвоено ученое звание ст. научного сотрудника.

1953—1956 гг. Зав. отделом истории Казахстана советского периода Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1956—1982 гг. Директор Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР.

1957—1960 гг. Член Алма-Атинского обкома КП Казахстана.

1957 г. Избран депутатом Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся 6-го (1957 г.) созыва.

1957—1983 гг. Член национального комитета историков СССР (г. Москва).

1959 г. Награжден Почетной грамотой Президиума Верховного Совета КазССР.

Избран делегатом внеочередного IX съезда КП Казахстана.

1960—1962 гг. Член Алма-Атинского горкома КП Казахстана.

1960—1983 гг. Член Алма-Атинской секции ветеранов Великой Отечественной войны (1941—1945 гг.).

1960 г. Защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора исторических наук по совокупности ряда опубликованных работ по истории Казахстана.

1960—1983 гг. Член проблемного совета «История социалистического и коммунистического строительства в СССР» при Отделении истории СССР АН СССР (г. Москва).

1961 г. Награжден Почетной грамотой Верховного Совета КазССР.

1962 г. Избран членом-корреспондентом АН КазССР.

1963 г. Избран делегатом VIII съезда профсоюзов Казахстана.

Присвоено звание профессора.

1963—1983 гг. Член главного редакционного совета много-томной «Истории СССР» (г. Москва).

1965 г. Награжден медалью «Двадцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.».

Награжден Почетной грамотой Президиума Верховного Совета КазССР.

1965—1973 гг. Избирался депутатом Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся 10—14-го созывов.

1967 г. Удостоен премии АН КазССР им. Ч. Ч. Валиханова за монографию «Формирование и развитие советского рабочего класса Казахстана (1917—1940 гг.)» (Алма-Ата: Наука, 1966).

Награжден юбилейной медалью «50 лет Вооруженных Сил СССР».

Избран действительным членом (академиком) Академии наук КазССР.

1968—1976 гг. Избран вице-президентом и членом президиума Академии наук КазССР.

1969—1983 гг. Председатель Казахского отделения Общества советско-венгерской дружбы.

Член президиума Общества дружбы и культурных связей Казахстана с зарубежными странами.

1969 г. Награжден орденом Трудового Красного Знамени.

1970 г. Награжден медалью «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения Владимира Ильича Ленина».

1970—1975 гг. Председатель экспертной комиссии президиума АН КазССР по присуждению премии им. Ч. Ч. Валиханова.

1971 г. Присвоено почетное звание заслуженного деятеля науки Казахской ССР.

1971—1978 гг. Член главной редакции Казахской Советской Энциклопедии (в 12 т. на каз. яз.).

1971 г. Избран делегатом XIII съезда КП Казахстана и кандидатом в члены ЦК КП Казахстана.

Избран делегатом X съезда профсоюзов Казахстана и членом Казахского республиканского совета профсоюзов.

1972—1980 гг. Член Комитета по Государственным премиям КазССР по науке и технике при Совете Министров КазССР.

1972—1983 гг. Член правления республиканского общества «Знание».

1972—1976 гг. Член редколлегии журнала «Вестник АН КазССР».

1974—1983 гг. Председатель правления Добровольного общества любителей книги КазССР; член правления и президиума Всесоюзного добровольного общества любителей книги (ВОК).

1975 г. Награжден медалью «Тридцать лет победы в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.».

1976 г. Избран делегатом XIV съезда КП Казахстана и кандидатом в члены ЦК КП Казахстана.

Награжден орденом Ленина.

1976—1983 гг. Избран членом президиума АН КазССР.

1979—1981 гг. Член главной редакции энциклопедического справочника «Казахская Советская Социалистическая Республика» (на каз. и рус. яз.).

1979 г. Награжден Почетной грамотой Президиума Верховного Совета КазССР.

1982—1983 гг. Член главной редакции энциклопедии «Алма-Ата» (на каз. и рус. яз.).

1982 г. Лауреат Государственной премии КазССР.

1983 г. 28 июля — кончина А. Н. Нусупбекова.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ А. Н. НҮСІПБЕКОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГТИК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақай Нүсіпбековтың өмірі мен қызметі Совет өкіметі тұсында қазақ халқы жүріп өткен әлеуметтік прогресс жолының жарқын көрінісі. Оның өмір жолы социалистік құрылыстың, қоғамдық өзгерістердің қарқынымен, Ұлы Отан соғысы жылдары совет халқының басынан кешірген ауыртпашылықтарымен, біздің соғыстан кейінгі экономикалық дамуымызбен және Қазақстанда социалистік мәдениеттің гүлдену динамизмімен тығыз байланысты.

А. Н. Нүсіпбеков 1909 жылғы 9 декабрьде Алматы облысының Кеген ауданында Жалаңаш селосында кедей малшы-шаруаның семьясында дүниеге келді. Ол бұғанасы бекімей жатып-ақ күнкөрістің қамымен еңбекке араласты. 1916 жылы асыраушы әкеден айрылды. Әкесі Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісін басып-жанышу кезінде жазалаушылар қолынан қаза тапты. Анасы мен үлкен үш ағасы жалшылыққа кіруге мәжбүр болады. Ал сегіз жасар Ақай 1918 жылдан бастап Малыбай, Шелек, Жалаңаш селоларындағы байлар мен кулактардың малын бағуға кірісті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россия халықтарының өмірінде жаңа бет ашты. Совет өкіметі еңбекшілерге білім беру, социалистік құрылысқа басшылық жасау, бағытында қалың бұқараны социалистік отанды қорғауға жұмылдыру, ұлан-ғайыр жұмыстар жүргізді. Осының бәрі, сол кездегі күрескер коммунистер ұрпағының көбінің тағдырындағы сияқты, болашақ ғалымның өмірбаянында да өз ізін қалдырып, шұғыл өзгерістер туғызды.

1925 жылы жергілікті Совет органдары А. Н. Нүсіпбековты Жәркент қаласындағы (қазіргі Панфилов қаласы)

Н. К. Крупская атындағы балалар коммунасына оқуға жібереді. 1926 жылы коммуна мектебінің жолдамасымен Алматыдағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. 1931 жылдың декабрінде партияға қабылданып, 1932 жылдың февралында оқуды бітірген соң оқытушылық қызметке қалдырылды, ал сол жылдың августында Ақай Нүсіпбекұлы 1930 жылы Талғар қаласына көшірілген техникум директорлығына тағайындалды. 1933 жылдың октябрінде А. Нүсіпбеков ВКП(б) Алматы облыстық комитетіне жұмысқа ауыстырылып, 1934 жылы Москвадағы Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетіне оқуға жіберіледі. Мұндағы оқу мерзімі үш жыл еді. Оқу программасы жалпы білім беру сипатында болатын. Ақай Нүсіпбекұлы партия жұмысы және саяси ағарту бөлімінде оқыды. Университет тыңдаушылары сан-салалы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Бұның болашақ профессионал лектор, насихатшы, саяси қызметкер үшін аса зор пайдасы тиді.

Дегенмен университетті бітіргені туралы диплом А. Н. Нүсіпбековке бұйырмаған екен. Партия кадрларына жас қазақ республикасы мейлінше зәру еді. Сондықтан 1937 жылдың октябрінде үшінші курста жүрген жерінен мерзімінен бұрын шақырылып алынып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қарамағына жіберіледі. А. Н. Нүсіпбеков Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мәдени-ағарту бөліміне меңгерушілікке тағайындалады. 1939 жылы бұл бөлімнің жойылуына байланысты, Семей қаласындағы басшы колхоз қызметкерлерінің облысаралық мектебіне директор етіп жіберіледі.

Осы қызметте жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. 1941 жылдың 1 сентябрінде Қызыл Армия қатарына шақырылып, Семей қаласындағы эвакогоспиталь партбюросының секретары қызметін атқарады, ал 1942 жылдың май айында И. В. Панфилов атындағы атақты 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында Калинин майданына келеді. Миномет батареясының, дивизионның комиссары, дивизияның саяси бөлімінің үгітшісі болды. Холм, Резекнэ, Рига түбіндегі, Курляндиядағы ұрыстарға қатысады. Екі рет жараланады, өзінің ержүрек жауынгер, әрі жалынды үгітші екендігін көрсетеді. 1945 жылы дивизия командованиесі Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының А. Н. Нүсіпбеков бастаған делегациясын рапортпен Қазақстанға жібереді.

Соғыс Ақай Нүсіпбекұлының жігерімен еркін шындай түсті. 1946 жылы апрельде, әскери қызметтен босағаннан кейін, ол Қазақ ССР Ғылым академиясының жаңа ғана құрылған Тарих, археология және этнография институтына жұмысқа кіре-

ді. Осыдан кейін оның бүкіл болашақ қызметі осы институтпен байланыста болды.

А. Н. Нүсіпбековтың ғалым ретіндегі қалыптасуы мен өсуі осы институтпен тікелей байланысты. Ол кіші ғылыми қызметкерден институт директорлығына (1956—1982 жж.), Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенттігіне (1968—1976 жж.) дейін өсіп, еңбек жолынан өтті.

Өзін терең әрі мұқият зерттеуші, ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде көрсете білген А. Н. Нүсіпбеков ширек ғасырдан астам уақыт бойы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтын басқарып келді. Институттың республикадағы тарих ғылымының орталығына айналуы оның тікелей есімімен байланысты.

Партиялық жұмыстағы бай тәжірибе, республика өмірін жақсы білу А. Н. Нүсіпбековтың ғылыми қызметінің негізгі бағытын бірден анықтап берді. Ол Советтік Қазақстан тарихы жөнінен ірі маман болып алды. Қазақ жерлерінің біртұтас Совет мемлекетіне бірігуі және Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы мен даму тарихы ғалымның зерттеу жұмыстарының негізгі тақырыбына айналды. Осы екі мәселе көптеген проблемалық мақалаларда қарастырылып, келешекте күрделі монографиялық зерттеулерге айналды.

А. Н. Нүсіпбековтың «Қазақ жерлерінің Қазақ Совет Социалистік республикасына бірігуі» атты кітабы қазақ халқының өміріндегі теңдесі жоқ саяси оқиғаны саралаған ең алғашқы зерттеу болатын. Осы еңбегі үшін оған 1948 ж. тарих ғылымының кандидаты ғылыми атағы берілді.

Ғалымның зерттеу ауқымы мейлінше кең әрі көп салалы. Оның қаламынан революцияға дейінгі және Советтік Қазақстан тарихына байланысты 200-ге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер туды. Бұлар Сырым Датов басқарған ұлт-азаттық қозғалысы, қазақтардың Е. Пугачев көтерілісіне қатысуы, қазақ халқының шығу тегі, тарих ғылымының тарихы мен дерекнамасы, тағы басқалар. Ол 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихын, республика еңбекшілерінің соғыс жылдарындағы ерлік істерін алғашқы зерттегендердің бірі болды. Ол осы проблемалар бойынша бірқатар бірегей ғылыми еңбектер жазды.

Совет жұмысшы табының қазақстандық отрядын зерттеуге және осы орайда кең салалы тарихи зерттеулерді ұйымдастыруға ол баға жетпес еңбек сіңірді. Бұл ретте А. Н. Нүсіпбековтың 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығын алған «Қазақстанда

Совет жұмысшы табының қалыптасуы және дамуы (1917—1940 жж.)» атты күрделі монографиясын ерекше атап өткен жөн.

1960 жылы ол докторлық диссертация қорғады, 1962 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал бес жыл өткен соң — академигі боп сайланды.

60-жылдардың ортасына дейін Советтік Қазақстанның жұмысшы табының тарихы арнайы монографиялық зерттеу объектісі бола қойған жоқ еді, негізінде бұл маңызды ғылыми проблема тек жалпы түрде ғана, ғылыми-көпшілік еңбектер мен брошюраларда, жекелеген мақалалар көлемінде ғана әңгімеленіп келді.

1966 жылы республикалық «Ғылым» баспасынан жарық көрген А. Н. Нүсіпбековтың монографиясы социалистік құрылыс дәуіріндегі — Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі кезеңдегі республикада советтік жұмысшы табының қалыптасуы мен даму тарихын қорытындылаған тұңғыш ғылыми зерттеу болды.

Советтік Қазақстан жұмысшы табы тарихының алғашқы кезеңін зерттей отырып, осы проблема бойынша жарияланған еңбектерді дәлелді және объективті түрде сынға алады.

Көптеген жаңа материалдар негізінде зерттеуші өлкедегі жұмысшылардың жалпы саны, автордың есептеуінше, 50 мыңнан асып түсіп, олардың құрамында қазақ кадрларының үлес салмағы көбейгеніне жұмысшылардың қалыптасуы империализм дәуірінде мейлінше күшейгеніне қарамастан, революцияға дейінгі Қазақстанда ұлттық пролетариаттың қалыптасу процесі аяқталмағаны туралы дұрыс пікір түйді.

Монографияда негізгі назар Октябрьден кейінгі кезеңде Қазақстан жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуына аударылған. Бұл мәселелер халық шаруашылығының жалпы жағдайы және негізгі салаларының, ең алдымен өнеркәсібінің дамуымен тығыз байланыста қарастырылады.

Бірінші дүниежүзілік және азамат соғыстары нәтижесінде елімізде басталған шаруашылық күйзелісі мен ашаршылық, ауыр сын мен жоқшылық республика жұмысшы табының жауынгерлік рухын күйзелте алмады. Осындай жағдайдың өзінде де ол жер-жерде Совет өкіметін орнату және оны нығайту жолында белсенді күрес жүргізіп, социалистік экономиканың негізін қалай бастайды, халық шаруашылығына басшылық ету мен басқаруды үйренумен болды.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары (1921—1925 жж.) Қазақстан өнеркәсібі мен транспортының кейбір

табыстарына қарамастан, республика жұмысшы табының қалыптасуы мен даму процесі айтарлықтай нәтиже бере қоймады. Бұл Қазақстанның жалпы экономикалық, техникалық және мәдени мешеулігімен ғана емес, сонымен бірге қалпына келтіру дәуірінің қосымша қиыншылықтарымен, атап айтқанда, кейбір ірі кәсіпорындарын уақытша тоқтатып қою және қысқартумен байланысты болған еді. Соған қарамастан, дәл осы жылдары Қазақстан жұмысшы табының қалыптасып нығаюына негіз қаланған еді. Қалпына келтіру кезеңінің аяғына қарай республика өнеркәсібінің жалпы өнімі соғысқа дейінгі көлемінің үштен екісіне жетсе, жұмысшылардың жалпы саны 75—80-мыңға көтерілді.

Қазақ ұлттық жұмысшы кадрларының, әсіресе мемлекеттік өнеркәсіптегілердің саны баяу болса да ұдайы өсіп отырды. 1925 жылдың өзінде олар бүкіл жұмысшылар санының 21 процентін құрады.

Ескі кәсіпорындар қалпына келтіріліп, жаңалары бой көтерген халық шаруашылығын реконструкциялау кезеңінде (1926—1932 жж.) республика жұмысшы табының өсуі жеделдеді. Алып құрылыстарға ондаған-мыңдаған білікті жұмысшылар қажет болды. Сондықтан оларды тек орталықтар, немесе елдің басқа аудандарынан тартумен қатар жергілікті жерлерде кәсіптік-техникалық мектептер жүйесі, қысқа мерзімді курстар арқылы, өндірістерде жекелей оқыту жолымен де жоспарлы түрде даярлау қолға алынды.

Түркісіб, Риддер, Балқаш, Қарағанды, Шымкент кәсіпорындары қазақ ұлттық жұмысшы кадрларын даярлау мен олардың мамандығын көтерудің жаппай интернационалдық мектебіне айналды. Қазақстанды қамқорлыққа алған Донбасс, Москва, Ленинград, еліміздің басқа да өнеркәсіп орталықтары жұмысшы табының өкілдері қазақ кадрларына өзінің тәжірибесін, білімі және шеберлігін үйретті.

Қазақстан жұмысшы табының құрамы халық шаруашылығын реконструкциялау мен социализм құруды аяқтау кезеңінде күрт өзгеріп, өсті. Республика халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметкерлер саны 1926 жылмен салыстырғанда он еседен астам ұлғайды. Кәсіпорындарда, құрылыстар мен транспортта еңбек етіп жатқандардың 40 проценттен астамы, ал Жезқазған, Ембі, Қарсақпай, Ащысай, Қарағанды сияқты ірі кәсіпорындағыларда — 60—90 проценті қазақтар болды.

Жұмысшылардың саяси белсенділігі де артты. 1932 жылы

олар республика партия ұйымының 42 процентін құрады. Кәсіподақтарының қозғалысы да өсіп, нығайды.

А. Н. Нүсіпбеков маман тарихшы ретінде өзінің еңбегінде Советтік Қазақстанның жұмысшы табы тарихының негізгі кезеңдерін марксистік-лениндік тұрғыдан саралады. Ол өткір сұрақтардан бұлтартып кетпей, қайта сауатсыз, қараңғы қалған көшпенді халықты өнеркәсіптік еңбек дағдыларына үйретудің қиыншылықтарын көрсетіп отырды. Ескірген, күні өткен дәстүрлердің орнына жаңаның қалыптасу процесін ұтымды түрде көрсете білді. Кітаптың құндылығы мен актуалдылығы да осында жатыр.

Өкінішке қарай, кітапта үрім-бұтағынан бері тұрақты жұмысшы кадрлары қатарын толтырып келе жатқандардың, оның ішінде қазақ жұмысшы кадрларының қалыптасуы мен дамуының кейбір қырлары ашылмай қалды. Республика кадрларының өндірістік стажы мен кәсіптік даярлығы бойынша құрамына ғылыми талдау жасау, жұмысшы күштерінің тұрақтануы жолындағы күресті көрсету қажет еді.

Әрине, көп салалы әрі жеткілікті зерттелмеген осынау проблеманы бір монографияның көлемінде қамти алу мүмкін емес. Бұл проблеманы жан-жақты ашып көрсету үшін зерттеушілер коллективінің бірлескен күш-жігері қажет.

А. Н. Нүсіпбеков көптеген аспиранттар мен өз бетінше ізденушілердің жетекшісі бола, ірі-ірі жоспарлы тақырыптарға басшылық жасай, авторлар коллективтері мен зерттеушілерге зор ғылыми-методологиялық көмек көрсете жүріп, Қазақстан жұмысшы табы тарихын зерттеушілердің тұтас мектебін тәрбиелеп шығарды. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен 1982 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болған, көне дәуірден бүгінге дейінгі кезеңді қамтитын «Қазақ ССР тарихының» бес томдығы жарық көрді. Өмірінің соңғы жылдарында үш томдық «Советтік Қазақстан жұмысшы табының тарихын» даярлап жатқан институт қызметкерлеріне жетекшілік жасаған болатын.

Көп томдық «СССР тарихы», «СССР жұмысшы табының тарихы» тағы басқа одақтық басылымдар Бас редакцияларының мүшесі әрі авторларының бірі бола жүріп, А. Н. Нүсіпбеков советтік тарих ғылымының дамуына да сүбелі үлес қосты.

Ол СССР тарихшылары Ұлттық комитетінің, СССР Ғылым академиясы Тарих бөлімшесі жанындағы «Социалистік және коммунистік құрылыс тарихы» проблемалық советінің мүшесі болды. А. Н. Нүсіпбеков халықаралық, одақтық

және республикалар аралық ғылыми форумдарда Қазақстан тарихы ғылымының лайықты өкілі бола білді.

Ғалымның қоғамдық қызметі де ерекше мазмұнды еді: ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, Алматы облыстық, қалалық комитеттеріне мүше, Фрунзе аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, халық депутаттары Алматы қалалық Советіне депутат, республикалық Кітап құмарлар қоғамы басқармасының председателі, Совет-венгер достық қоғамы Қазақ бөлімшесінің председателі болды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі А. Н. Нүсіпбековтың көп салалы қызметін жоғары бағалады. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, СССР медальдарымен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен наградталды, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы берілді. Алматы облысының Қеген ауданындағы колхоз бен орта мектеп, Алматы қаласындағы бір көше оның атымен аталды.

*М. Х. АСЫЛБЕКОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор*

*Т. Б. БАЛАҚАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор*

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР А. Н. НУСУПБЕКОВА

Жизнь и деятельность академика Академии наук Казахской ССР, доктора исторических наук, профессора, заслуженного деятеля науки республики, лауреата Государственной премии КазССР Акая Нусупбековича Нусупбекова является ярчайшим и вместе с тем типичным отражением того пути социального прогресса, который прошел казахский народ за годы советской власти. В его судьбе преломились и мощь социалистического строительства, и стремительность общественных преобразований, и тяготы, пережитые советским народом в годы Великой Отечественной войны, динамизм нашего послевоенного экономического развития и расцвет социалистической культуры Казахстана.

А. Н. Нусупбеков родился 9 декабря 1909 г. в селе Джаланаш Кегенского района Алма-Атинской области в семье крестьянина-скотовода. Его детство было тяжелым, с малых лет он узнал нужду и начал трудом зарабатывать на жизнь. В 1916 г. его семья осталась без кормильца. Отец погиб от рук карателей во время подавления национально-освободительного восстания в Семиречье. Мать и трое его старших братьев нанялись в батраки. С 1918 г. восьмилетний мальчик Акай начал пасти скот у местных баев и кулаков в селах Малыбай, Чилик, Джаланаш.

Великая Октябрьская социалистическая революция открыла новую страницу в судьбах народов России. Советская власть развернула невиданную по масштабам работу по образованию трудящихся, руководству социалистическим строительством, мобилизации масс на защиту социалистического Отечества — все это нашло отражение в биографии будущего ученого, в которой, как и у большинства коммунистов-борцов того поколения, происходили бурные изменения.

В 1925 г. местные органы советской власти посылают А. Н. Нусупбекова на учебу в детскую коммуну им. Н. К. Круп-

ской в г. Джаркенте (ныне г. Панфилов). В 1926 г. по направлению школы-коммуны он поступил в Алма-Атинский сельскохозяйственный техникум. В декабре 1931 г. способного учащегося принимают в партию, а по окончании учебы в феврале 1932 г. оставляют на преподавательской работе. В августе того же года Акая Нусупбековича назначают директором техникума, перебазировавшегося в 1930 г. в г. Талгар. Однако уже в октябре 1933 г. Нусупбекова переводят на партийную работу в Алма-Атинский обком КП(б) Казахстана, а через год направляют учиться в Коммунистический университет трудящихся Востока в Москве. Срок обучения в КУТВ был три года. Учебная программа имела общеобразовательный характер. Акай Нусупбекович учился на отделении «Партийная работа и политическое просвещение». Слушатели университета вели большую агитационно-пропагандистскую работу, и это чрезвычайно пригодилось будущему профессиональному лектору, пропагандисту, политработнику.

Но получить диплом об окончании университета А. Н. Нусупбекову не пришлось. Молодой Казахской республике срочно требовались свои партийные кадры, поэтому в октябре 1937 г. он был отозван с 3-го курса и направлен в распоряжение ЦК КП(б) Казахстана. А. Н. Нусупбеков назначается заведующим культпросветотделом ЦК КП(б) Казахстана. В 1939 г., когда этот отдел был упразднен, он назначается директором межобластной школы руководящих колхозных работников в г. Семипалатинске. Здесь застаёт его Великая Отечественная война. 1 сентября 1941 г. он был призван в Красную Армию, работает секретарем партбюро эвакогоспиталя в г. Семипалатинске, а в мае 1942 г. попадает на Калининский фронт в составе прославленной 8-й гвардейской стрелковой дивизии им. И. В. Панфилова. Был комиссаром минометной батареи, дивизиона, агитатором политотдела дивизии. Принимал участие в боях под Холмом, Резекнэ, Ригой, в Курляндии. Был дважды ранен, проявил себя бесстрашным воином и страстным агитатором. В 1945 г. командование дивизии направило А. Н. Нусупбекова в качестве руководителя делегации 8-й гвардейской стрелковой дивизии им. И. В. Панфилова с рапортом в Казахстан.

Война еще более закалила волю и характер Акая Нусупбековича. В апреле 1946 г., демобилизовавшись из армии, он поступает на работу в только что организованный Институт истории, археологии и этнографии АН КазССР, с которым будет связана вся его дальнейшая деятельность. Становление и рост

А. Н. Нусупбекова как ученого неразрывно связаны с развитием института, в котором он прошел путь от младшего научного сотрудника до директора (1956—1982 гг.) и вице-президента АН КазССР (1968—1976 гг.).

Проявив себя глубоким и разносторонним исследователем, талантливым организатором науки, А. Н. Нусупбеков более четверти века возглавлял Институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. С его именем связано превращение института в признанный центр исторической науки в Казахстане.

Большой опыт партийной работы, хорошее знание жизни республики predeterminedли основное направление научной деятельности А. Н. Нусупбекова — он становится крупным специалистом по истории Советского Казахстана. Основные темы его исследований — история объединения казахских земель в едином Советском государстве и история формирования и развития советского рабочего класса в Казахстане. Оба эти вопроса нашли отражение в ряде оригинальных проблемных статей, вылившихся впоследствии в монографические работы.

Книга А. Н. Нусупбекова «Объединение казахских земель в Казахской Советской Социалистической Республике» явилась, по существу, первым серьезным исследованием, в котором воспроизводилась история эпохального по своей значимости политического события в жизни казахского народа. За эту работу в 1948 г. ему присуждается ученая степень кандидата исторических наук.

Чрезвычайно многообразны научные интересы ученого. Его перу принадлежит около 200 научных и научно-популярных работ по различным проблемам истории дореволюционного и Советского Казахстана. Это и вопросы национально-освободительного движения под руководством Срыма Датова, и участие казахов в восстании Е. Пугачева, и этногенез казахского народа, и история исторической науки и источниковедения. Он являлся одним из зачинателей изучения истории Казахстана периода Великой Отечественной войны 1941—1945 гг., ратного и трудового подвига трудящихся республики. Его перу принадлежит ряд оригинальных научных трудов по этой проблеме.

В 1960 г. он защитил докторскую диссертацию, в 1962 г. был избран членом-корреспондентом, а спустя пять лет — академиком АН КазССР.

Неоценимы заслуги ученого в организации широкого фронта исторических исследований казахстанского отряда совет-

ского рабочего класса. Особо следует отметить фундаментальную монографию А. Н. Нусупбекова «Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917—1940 гг.)», за которую ученый в 1967 г. был удостоен премии им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР.

До середины 60-х гг. история рабочего класса Советского Казахстана не была объектом специального монографического исследования и в основном освещалась попутно в ряде общих и научно-популярных работ и брошюр, а также статей по отдельным вопросам этой важной научной проблемы.

Выпущенная издательством «Наука» республики в 1966 г. монография А. Н. Нусупбекова является первым обобщающим научным исследованием по истории формирования и развития советского рабочего класса в республике в эпоху строительства социализма — от первых лет советской власти до начала Великой Отечественной войны.

Освещая предысторию рабочего класса Советского Казахстана, автор с достоверной научной аргументацией и строгой объективностью подвергает критическому анализу опубликованные работы по данной проблеме.

На основе многочисленных новых материалов исследователь приходит к выводу о незавершенности процесса формирования национального пролетариата в дореволюционном Казахстане, хотя этот процесс особенно усилился в эпоху империализма, и казахские кадры имели большой удельный вес в составе рабочих края, общее число которых достигло, по утверждению автора, более 50 тыс.

Основное внимание в монографии уделено формированию и развитию рабочего класса Казахстана в послеоктябрьский период. Эти вопросы рассматриваются в неразрывной связи с общим состоянием и развитием основных отраслей народного хозяйства, главным образом промышленности.

Суровые испытания и лишения, связанные с хозяйственной разрухой и голодом, постигшими страну в результате первой мировой и гражданской войн, не сломили боевого духа рабочего класса республики. В этих условиях он ведет активную борьбу за установление и упрочение советской власти на местах, начинает создавать основу социалистической экономики, учится руководить и управлять народным хозяйством.

В годы восстановления народного хозяйства (1921—1925 гг.), несмотря на некоторые успехи промышленности и транспорта Казахстана, процесс формирования и развития рабочего класса республики не дал значительных результатов.

Это было обусловлено не только общей экономической, технической и культурной отсталостью Казахстана, но и трудностями восстановительного периода, в частности временной консервацией и свертыванием производства на некоторых крупных предприятиях. Тем не менее именно в эти годы были заложены основы консолидации рабочего класса Казахстана. К концу восстановительного периода валовая продукция промышленности республики достигла двух третей довоенного уровня, а общая численность рабочих — 75—80 тыс. чел.

Шел медленный, но неуклонный рост казахских национальных рабочих кадров, особенно в государственной промышленности. В 1925 г. они уже составляли 21 % к общему числу рабочих.

В период реконструкции народного хозяйства (1926—1932 гг.), когда восстанавливались старые и возводились новые предприятия, рост рабочего класса республики ускорился. Гигантские стройки нуждались в десятках тысяч квалифицированных рабочих. Поэтому кроме вербовки их в центральных и других районах страны на местах развернулась массовая плановая подготовка через сеть профессионально-технических школ, краткосрочных курсов, путем индивидуального обучения на производстве.

Турксиб, предприятия Риддера, Балхаша, Караганды, Чимкента становятся массовой интернациональной школой подготовки и повышения квалификации казахских национальных кадров рабочих, которым передавали свой опыт, знания и навыки представители рабочего класса Донбасса, Москвы, Ленинграда и других промышленных центров страны, взявшие шефство над Казахстаном.

В период завершения реконструкции народного хозяйства и построения социализма состав рабочего класса республики резко изменился. Число рабочих и служащих в народном хозяйстве Казахстана по сравнению с 1926 г. увеличилось более чем в десять раз. Больше 40 % занятых на предприятиях, стройках и транспорте составляли казахи, а в таких крупных центрах, как Джезказган, Эмба, Карсакпай, Ачисай, Караганда, их было 60—90 %.

Выросла и политическая активность рабочих. В 1932 г. они составляли 42 % членов республиканской партийной организации. Росло и крепло профсоюзное движение.

А. Н. Нусупбеков, как профессиональный историк, в своем труде с марксистско-ленинских позиций освещает основные этапы истории советского рабочего класса Казахстана. Он не

уходит от острых вопросов и показывает трудности в обучении неграмотного, забитого кочевника навыкам промышленного труда. Показывает, как происходил процесс создания нового на месте старых, отживших традиций. Именно в этом заключается ценность и актуальность данного труда.

К сожалению, в книге не получили должного освещения некоторые вопросы формирования и развития постоянных и потомственных рабочих кадров в Казахстане вообще и казахских национальных кадров в особенности. Следовало бы дать научный анализ составу кадров республики по производственному стажу и профессиональной подготовке, а также показать борьбу за преодоление текучести рабочей силы.

Разумеется, в объеме одной монографии невозможно охватить все стороны этой многоплановой, но все еще малоизученной проблемы. Для всестороннего ее освещения требуются усилия коллектива исследователей.

